Қосымша парақ – пациентке арналған ақпарат

Пиковит®, балаларға арналған шәрбат

Әсер етуші заттар: полидәрумендер

Препаратты қабылдар алдында қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, өйткені онда Сіз үшін маңызды ақпарат бар.

Препаратты әрдайым осы қосымша параққа немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарына дәл қабылдаңыз.

Қосымша парақты сақтап қойыңыз. Сізге оны қайтадан оқу қажет болуы мүмкін.

Егер Сізге қосымша ақпарат немесе ұсыныстар қажет болса, дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

Егер Сізде жағымсыз реакциялар туындаса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4-бөлімінде аталмаған реакцияларға қолданылады.

Егер жай-күйіңіз жақсармаса немесе ол нашарласа, Сізге дәрігерге жүгіну керек.

Қосымша парақтың мазмұны

1. Пиковит® препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады.
2. Пиковит® препаратын қабылдау алдында не туралы білу керек.
3. Пиковит® препаратын қабылдау.
4. Ықтимал жағымсыз реакциялар.
5. Пиковит® препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер.

1. Пиковит® препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады

Пиковит® препаратының құрамында адам организмінде зат алмасу процестерді реттеуге қатысатын тоғыз маңызды дәрумен бар. Полидәрумендерге жатады.

В тобы дәрумендері (B_1, B_2, B_6, B_{12}, пантотен қышқылы және никотинамид) көмірсулар, ақуыздар мен майлардың алмасуына және жүйке жүйесінің жұмысына қатысады. А дәрумені эпителий жасушаларының дамуы және көру пигментінің синтезі үшін қажет (көру

ағзасының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет). D дәрумені кальцийді түсуін реттейді және сүйектер мен тістердің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. С дәрумені темірдің сіңуіне ықпал етеді және организмдегі көптеген процестерге қатысады.

Қолданылуы

Пиковит® препараты негізінен 1 жастан асқан балаларда қолдануға арналған:

- мектеп жасындағы балаларда қажудың жоғарылауы кезінде;
- тәбет болмаған кезде;
- бой өсуінің тежелуі кезінде;
- бактерияға қарсы емнен кейін қосымша дәрі ретінде;
- организмнің төзімділігін арттыру үшін дәрумендердің көзі ретінде, бұл әсіресе қыс-көктем мезгілінде маңызды.

Егер жақсару байқалмаса немесе Сіз нашарлауды сезінсеңіз, дәрігерге жүгіну қажет.

2. Пиковит® препаратын қабылдау алдында не туралы білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Пиковит® препаратын қабылдамаңыз:

- егер Сізде әсер етуші заттарға немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парақтың 6-бөлімінде тізбеленген) аллергия бар болса;
- егер Сізде қант диабеті бар болса (5 мл препаратта 3,3 г сахароза бар);
- егер Сізде тұқым қуалайтын фруктоза жақпаушылығы болса, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы немесе сахараза-изомальтаза тапшылығы бар болса;
- егер Сізде А және D дәрумендерінің гипервитаминозы бар болса.

Егер аталған тұжырымдардың кез келгені Сізге қатысты болса (немесе Сізде күмән бар болса), бұл туралы өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге міндетті түрде хабарлаңыз.

Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары

Пиковит® препаратын қабылдар алдында, егер Сізде қант диабеті бар болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Сізге 5 мл (1 дозалау қасық) шәрбаттың құрамында 3,3 г сахароза және 0,7 г сұйық декстроза (глюкоза) бар екенін ескеруіңіз керек.

Препарат құрамында рибофлавин бар, сондықтан несепті сап-сары түске бояуы мүмкін, бұл мүлдем зиянсыз.

Балалар мен жасөспірімдер

Препаратты 0-ден 1 жасқа дейінгі балаларға бермеңіз. Пиковит® препараты 1 жасқа дейінгі балаларға қолдануға арналмаған.

Басқа препараттар және Пиковит® препараты

Сіз өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге не қабылдап жүрсіз, жақында қабылданды немесе басқа қандай да бір препараттарды қабылдауды бастауыңыз мүмкін екенін хабарлаңыз.

Пиковит® препаратын сульфаниламидтер тобының микробқа қарсы препараттарымен бір мезгілде қабылдау ұсынылмайды, өйткені С дәруменімен өзара әрекеттесу сульфаниламидтердің (оның ішінде несептегі кристалдардың пайда болуын) әсерін және жағымсыз әсерлерін күшейтеді.

Құрамында дәрумендер бар басқа препараттармен бір мезгілде Пиковит® препаратын қабылдау ұсынылмайды.

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Жүктілік кезінде және бала емізу кезеңінде қолдану дәрігердің ұсынысы бойынша мүмкін болады. Пиковит® препаратындағы дәрумендердің дозалары балаларға бейімделген.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Пиковит® препараты көлік құралдары мен механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Пиковит® препаратының құрамында сахароза, декстроза (глюкоза) бар

Егер Сізде кейбір қанттарға жақпаушылық бар болса, осы дәрілік препаратты қабылдар алдында емдеуші дәрігерге жүгініңіз.

Препаратты ұзақ уақыт қолданған жағдайда, оның құрамына кіретін декстроза (глюкоза)

тістерге қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Пиковит® препаратының құрамында қан қызыл бояғышы [понсо 4R] бар (Е124)
Препарат аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін. Демікпе компоненті бар аса жоғары сезімталдық реакциялары ацетилсалицил қышқылына аса жоғары сезімталдығы бар пациенттерде жиі байқалады.

Пиковит® препаратының құрамында натрий бар
Бұл препарат құрамында 1 дозаға (5 мл) 1 ммольден (23 мг) аз натрий бар, яғни шын мәнінде құрамында натрий жоқ.

Пиковит® препаратының құрамында натрий бензоаты (Е211) бар
Препарат теріге және шырышты қабықтарға әлсіз тітіркендіргіш әсер көрсетуі мүмкін.

3. Пиковит® препаратын қабылдау

Препаратты әрқашан қосымша парақтың деректеріне толық сәйкестікте қабылдаңыз. Егер күмән туындаса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза
1 жастан 3 жасқа дейінгі балалар: күніне 2 рет 1 дозалаушы қасық (5 мл).
4 жастан 6 жасқа дейінгі балалар: күніне 3 рет 1 дозалаушы қасық (5 мл).
7 жастан 14 жасқа дейінгі балалар: күніне 3 рет 1 дозалаушы қасық (5 мл), күніне 4 реттен асырмай.
Дозалау режимі барлық көрсеткіштер үшін бірдей.

Қолдану тәсілі
Ішке. Қолданар алдында шайқау керек.
Препаратты балаға тамақтан кейін дозалаушы қасықты пайдаланып немесе шайға, шырынға немесе жеміс езбесіне қосу арқылы беру керек.

Егер Сіз Пиковит® препаратын мөлшерінен артық қабылдасаңыз

Препаратты ұсынылғаннан жоғары дозаларда қабылдауға болмайды. Егер Сіз Пиковит® препаратын қажет болғаннан көп қабылдаған болсаңыз, дереу дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Аса үлкен дозаларды ұзақ уақыт қолдану А және D гипервитаминозына (артық дозалануда) әкелуі мүмкін:

- А дәрумені гипервитаминозының симптомдары А дәруменінің үлкен дозаларын қысқа мерзімде қолданғаннан кейін: іштің ауыруы, анорексия (адам үнемі салмақ жоғалтуға ұмтылған кезде тамақтану тәртібінің бұзылуы), құсу, көрудің бұзылуы, бас ауруы, қимыл үйлесімінің бұзылуы және терінің қызаруы.

  А дәруменінің үлкен дозаларын ұзақ уақыт қолдану терінің жұқаруы мен қышынуын, еріннің жарылуын, көздің шырышты қабығының қабынуын, көздің зақымдануын, буындардың ауыруын, созылмалы бас ауруын және бірнеше рет құсуды тудыруы мүмкін;
- Д дәруменінің гипервитаминозының симптомдары (D дәруменінің үлкен дозаларын қолданғаннан кейін пайда болуы мүмкін): анорексия (адам үнемі салмақ жоғалтуға ұмтылған кезде тамақтану тәртібінің бұзылуы), дене салмағының төмендеуі, қажу, бағдардан адасу, құсу, іш қату немесе диарея, аузындың темір татуы, ауыздың құрғауы және шөлдеу.

Артық дозалану симптомдары дамыған жағдайда Пиковит® препаратын қабылдауды тоқтатыңыз. Емі симптоматикалық.

Егер Сіз Пиковит® препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Егер Сіз препараттың кезекті дозасын қабылдауды ұмытып кетсеңіз, алаңдамаңыз. Қажетті дозаны есіңізге түскен кезде қабылдаңыз, кейін әдеттегідей қабылдауды жалғастырыңыз. Шәрбаттың өткізіп алған қабылдауының орнын толтыру үшін қосарлы дозаны қабылдамау керек.

Егер препаратты қабылдау бойынша сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препарат сияқты Пиковит® препараты жағымсыз реакцияларды туындатуы мүмкін, бірақ олар барлығында туындай бермейді.

Пиковит® препаратын қабылдау кезінде байқалуы мүмкін ықтимал жағымсыз реакциялар:

Өте сирек (10 000 адамның көп дегенде 1 адамында пайда болуы мүмкін):

- аллергиялық реакциялар.

Жағымсыз реакциялар туындаған кезде препаратты қабылдауды тоқтату және дәрігермен кеңесу қажет.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар туындаса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта аталмағандарға да қолданылады.

Сіз сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше – мемлекеттің аумағында анықталған дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық дерекқорға жағымсыз реакциялар туралы хабарлай аласыз. Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау арқылы Сіз препарат қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славянская алаңы, 4 үй, 1 құр.

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі

Тел.: +7 (800) 550 99 03

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

Веб-сайт: https://roszdravnadzor.gov.ru

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский тұйық көш, 2а үй

«Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» Республикалық унитарлық кәсіпорны

Тел.: + 375 (17) 242 00 29

Эл. пошта: rcpl@rceth.by

Веб-сайт: www.rceth.by

Қазақстан Республикасы

010000, Байқоңыр ауданы, Астана қ., А. Иманов көш., 13 үй, «Нұрсәулет 2» БО

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: + 7 7172 235 135

Эл. пошта: farm@dari.kz

Веб-сайт: www.ndda.kz

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5 үй

«Академик Э.Габриелян атындағы дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау ғылыми орталығы»

Тел.: + 374 60 83 00 73

Эл. пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am, letters@pharm.am

Веб-сайт: http://www.pharm.am

Қырғыз Республикасы

720044, Шу облысы, Бішкек қ., 3-я линия көш., 25 үй

Дәрілік заттар және медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: + 996 (312) 21 92 86

Эл. пошта: dlsmi@pharm.kg

Веб-сайт: www.pharm.kg

5. Пиковит® препаратын сақтау

Препаратты баланың қолы жетпейтін, бала оны көре алмайтын жерде сақтаңыз.

Қаптамасында көрсетілген «Дейін жарамды:...» деген сөздерден кейін жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен препаратты қолданбаңыз.

Жарамдылық мерзімі осы айдың соңғы күні болып табылады.

Түпнұсқалық қаптамасында, 25 °С-ден аспайтын температурада (картон қорапшадағы құты) сақтау керек.

Препаратты кәрізге (су құбырына) тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен енді қажет емес

препаратты қалай утилизациялау (жою) керектігін анықтап алыңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

Пиковит® препаратының құрамында

Әсер етуші заттар: ретинол пальмитаты, колекальциферол, аскорбин қышқылы, тиамин гидрохлориді, рибофлавин фосфат натрий, пиридоксин гидрохлориді, цианокобаламин, никотинамид, декспантенол.

Әрбір 5 мл (1 қасық) шәрбаттың құрамында: 900 ХБ ретинол пальмитаты 1,7 ЕХБ/г (А дәрумені пальмитаты), 100 ХБ колекальциферол 1 ЕХБ/г (D_3 дәрумені), 50,00 мг аскорбин қышқылы (С дәрумені), 1,00 мг тиамин гидрохлориді (B_1 дәрумені), 1,00 мг рибофлавин фосфат натрий (B_2 дәрумені натрий фосфаты), 0,60 мг пиридоксин гидрохлориді (B_6 дәрумені), 1,00 мкг цианокобаламин (B_{12} дәрумені), 5,00 мг никотинамид (B_3 дәрумені), 2,00 мг декспантенол (D-пантенол).

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар): агар, трагакант шайыры, сахароза, сұйық декстроза (глюкоза), апельсин майы хош иістендіргіші, грейпфрут хош иістендіргіші, апельсин хош иістендіргіші, полисорбат 80, лимон қышқылы моногидраты, қан қызыл бояғышы [Понсо 4 R] (Е124), натрий бензоаты (Е211), тазартылған су (қосымша парақтың 2 бөлімді қараңыз).

Пиковит® препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі

Балаларға арналған шәрбат.

Пиковит® препараты цитрус иісі бар қою, тұтқыр, ашық сарыдан қоңыр-қызғылт сарыға дейін бозаңданатын сұйықтық. Білінер-білінбес қосылыстардың болуына рұқсат етіледі.

150 мл шәрбаттан күңгірт шыны құтыда (III тип), сұйықтықты жаратын пластикалық тығынмен және алғашқы ашылуы бақыланатын пластикалық қақпақпен тығындалған.

1 құты дозалаушы қасықпен және қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салынады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы және өндіруші

«КРКА, д.д., Ново место» АҚ / KRKA, d.d., Novo mesto

Шмарьешка цеста 6, 8501 Ново место, Словения / Smarjeska cesta 6, 8501 Novo mesto, Slovenia

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайда тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігін ұстаушыға жүгіну керек

Ресей Федерациясы

«КРКА-РУС» ЖШҚ

143500, Мәскеу обл., Истра қ., Московская көш., 50 үй

Тел.: +7 (495) 994 70 70

Факс: +7 (495) 994 70 78

Эл. пошта: krka-rus@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Беларусь Республикасы

«KRKA, tovarna zdravil, d.d., Novo mesto» (Словения Республикасы) акционерлік қоғамының Беларусь Республикасындағы өкілдігі

220114, Минск қ., Филимонов көш., 25Г үй, 315 кеңсе

Тел.: 8 740 740 9230

Факс: 8 740 740 9230

Эл. пошта: info.by@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.by

Қазақстан Республикасы

«КРКА Қазақстан» ЖШС

050059, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 19 үй, 207 кеңсе

Тел.: + 7 (727) 311 08 09

Факс: + 7 (727) 311 08 12

Эл. пошта: info.kz@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Армения Республикасы

Армения Республикасындағы «Крка, д.д., Ново место» өкілдігі

0001, Ереван қ., Налбандян көш., 106/1 үй («САЯТ-НОВА» БИЗНЕС ОРТАЛЫҒЫ), 103 кеңсе

Тел.: + 374 11 560011

Эл. пошта: info.am@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Қырғыз Республикасы

«КРКА, товарна здравил, д.д., Ново место» АҚ Қырғызстандағы өкілдігі

720040, Шу облысы, Бішкек қ., Эркиндик бульвары, 71 үй, А блогы

Тел.: + 996 (312) 66 22 50

Эл. пошта: info.kg@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Қосымша парақ қайта қаралды

Маусым 2026 ж.

Басқа да ақпарат көздері

Дәрілік препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында https://eec.eaeunion.org бар.

Қосымша парақ Одақтың веб-сайтында Одақтың барлық тілдерінде қолжетімді.